

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау  
органдары Комитеті кеңейтілген отырысының  
№ VIII- I-11 Хаттамасы**

2023 жылғы 02 мамыр  
с.15.30

Астана қ.  
701 каб.

Төрағалық еткен: Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Лукин А.И.

Қатысқандар: Комитет мүшелері Лукин А.И., Бекназаров Н.Қ., Арғынбекова А.С., Больгерт Е.А., Қадырбек М.Б., Медебаев С.Т., Тастекеев Қ.Қ., Толамисов А.Ғ., бөлім меңгерушісі Жұмабекова Г.Х.

Бірінші сұрақ:

1. «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы».

Баяндамашы: А.Ғ. Толамисов

Шешім: Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 29-бабының 7) тармақшасын басшылыққа ала отырып, «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ақпараттық-телекоммуникациялық желілерде авторлық құқық пен сабақтас құқықтар объектілеріне құқықтарды сақтау және қорғау бойынша ынтымақтастығы туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Сенат отырысының қарауына енгізеді және Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 4-тармағына сәйкес оны мақұлдауды ұсынады.

**Комитет Төрағасы**

**А. ЛУКИН**